



«Baikonur invest» инвестициялық форумы аймақ экономикасының өркендеуіне үлкен септігін тигізуде. Тұрақты түрде ұйымдастырылатын игілікті шара нәтижесінде облысқа түрлі қаржы ұйымдарынан қомақты инвестиция тартылып, жаңашыл жобаларға серпін берілуде.

3-4 желтоқсан күндері аймақта Х «Baikonur invest» инвестициялық форумының шымылдығы түріліп, әлемнің түкпір-түкпірінен келген бизнес қауымдастықтары мен қаржы институттарының өкілдері Сыр елінде бас қосты. Делегаттар форумының алғашқы күнінде бірқатар тарихи орындарға саяхаттады.

Халықаралық форумының келесі күні «Жасыл» экономика – өңір дамуының жаңа бағыты» деген тақырыптағы пленарлық отырыспен жалғасты. Оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев, сонымен қатар халықаралық және отандық бизнес құрылымдары, қаржы институттары, корпорациялар мен ғылыми-зерттеу институттарының басшылары қатысты.



Аймақ басшысы 5 жыл ішінде инвестициялық форум табысты әріптестік орнату алаңына айналғанын атап өтті. Ал осы жолғы пленарлық жиынның «жасыл» экономика мәселесіне арналуы бекер емес. Баламалы энергетиканы дамыту жөніндегі ауқымды міндет Мемлекет басшысының Жолдауында айқын көрініс тапқан.

Әлемдік тәжірибеге арқа сүйеген Сыр өңірі бүгінде дамудың жаңа жолын тандады. Ол – энергия үнемдеуші технологияны қолданысқа енгізу, энергия тұтыну көлемін төмендету, мейлінше баламалы қуат көздерін пайдалануға көшу. Осы орайда облыс бойынша күннің жарқырау

ұзақтығы орта есеппен жылына 3 мың сағаттан асатынын айту орынды.

– Келесі жылы біз 4 ауданда жалпы қуаттылығы 140 МВт болатын 4 күн электр станциясын салуды бастаймыз. Одан бөлек, Сырдария өзеніндегі «Ақлақ» гидротехникалық құрылысы қуаттылығы 20-25 МВт-ты құрайтын гидроэлектр станциясын салуға мүмкіндік береді, – деді облыс әкімі.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласында энергия тиімділігін сақтау мақсатында 2016 жылдан бері энергия үнемдеудің кешенді жоспары жүзеге асырылып келеді. Нәтижесінде облыс

көшелерінің 30 проценті жарық диодты шамдармен жарықтандырылды. Бұл электр энергиясын тұтыну көлемін 12 процентке дейін төмендетуге ықпал етті. Мұндай жұмыс мемлекеттік-жекеменшік әріптестігі аясында алдағы жылы да жалғасады.

«Жасыл» экономикаға негізделген шаралардың тағы бірі – тұрмыстық қатты қалдықты басқару жүйесін жаңғырту. Облыста жыл сайын 148 мың тонна қоқыс өндіріледі. Соның 3 проценті ғана қайта өңделеді. «Ыбырайхан және К» ЖТД компаниясы тұрмыстық қатты қалдықты – шатыр жамылғысы мен жаяу жүргіншілер жолына ар-

налған төсеніш, ал «Smart Rubber» серіктестігі резеңке ұнтақтары мен жерасты суару түтіктерін шығаруда қолданып жүр.

Қазіргі күні мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында Қызылорда қаласында жылына 60 мың тонна қоқыс сұрыптайтын кешен құрылысының жобасы қолға алынды. Осы орайда облыс әкімі ынталы инвесторларды құрылыс жұмысына қатысуға шақырды. Айта кетейік, бүгінде өңірде екіжақты әріптестікке сәйкес құны 37 млрд теңгеден жоғары 75 жоба жүзеге асырылуда.

2-бет

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ ТОЙЛАНДЫ

Өткен жұма күні Н.Бекежанов атындағы облыстық музыкалық-драма театрда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған салтанатты шара өтті. Жиынға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Аймақ басшысы қызылордалықтарды мерекемен құттықтап, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жолындағы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың рөлін атап өтті.

– Тәуелсіздіктің қалыптасу жылдары Елбасы үшін де, ел үшін де оңай болды деп

ешкім де айта алмайды. Елде жұмыссыздық белен алды. Айлап еңбекақы, жылдап зейнетақы берілмеді. Электр энергиясы жетіспей, қараңғыда қарманып отырғанымыз әлі ұмытылған жоқ. «Көгілдір отын» арман болып, арбалап ағаш тасығанымыз да күні

кеше еді. Іргетасы мықты отаудың қашан да еңсесі биік тұрады, түгінгі түзу ұшады емес пе?! Белдеуіне бес мемлекет сиятын, 130-дан астам этнос өкілдері тұратын Қазақстандай алып мемлекетті шашыратпай, парасаттылықпен басшылық жасау да ердің ерлігі ісі, – деді аймақ басшысы.

Тәуелсіздік жылдарында облыс ел дамуына айтарлықтай үлес қосты. Соңғы 3 жылда өңдеуші өнеркәсіпте негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі екі есеге жуық, жұмыспен қамтылғандар саны 55%-ке, еңбек өнімділігі 18%-ке артқан. Биылдың өзінде аймағымызда 1790 пәтерді

құрайтын 70 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Аймақта шағын және орта бизнесті, кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған жұмыстар қарқынды. Шағын орта бизнес субъектілерінің саны соңғы жылда 12,7% өсті. Саланың даму қарқыны бойынша аймақ бүгінде республикада көш бастап тұр.

Сондай-ақ, аймақ басшысы Қорқыт ата мұрасының ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұралар тізіміне енуі аймақтағы, жалпы елдегі маңызды оқиға екенін атап айтты. Салтанатты шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

ПАРТИЯ ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ



Тұңғыш Президент күніне орай түрлі салада еңбек етіп жүрген бірқатар азаматтар «Нұр Отан» партиясының қатарына қабылданды. Салтанатты шараға облыс әкімі, партияның облыстық филиал төрағасы Қырымбек Көшербаев қатысып, жетекші саяси ұйым қатарын толықтырған азаматтарға билет табыстады.

– Нұротандықтар елдегі бейбітшілік пен келісімді сақтап, тәуелсіздігіміздің тұрақты, мемлекетіміздің қуатты дамуына елеулі үлес қосуда. Бұл – әрбір партия мүшесінің жауапкершілігі. Баршаныңды жаңа тәуелсіз мемлекеттің іргетасын қалаушы, «Тұңғыш Президент күні» мерекесімен тағы да шын жүректен құттықтап, партиялық жұмыстарыңызға табыс тілеймін, – деді аймақ басшысы.

Айта кету керек, мүшелікке қабылданғандардың ішінде «Жылы жүрек жастар» еріктілер тобының жетекшісі, «Жыл патриоты – 2018» номинациясының иегері Сағатбек Синоов бар.

– «Нұр Отан» партиясы тек азаматтардың басын бір ортаға тоғыстырып отырған жоқ, ол өз алдына әлеуметтік жауапкершілік алып отыр. Елбасы басқаратын партияға мүше болу мен үшін үлкен мәртебе. Қоғамдық-саяси ортадағы партия беделін нығайтып, оның көзден мақсатына қол жеткізуіне септігімді тигізуге дайынмын, – деді С.Синоов.

Жиын соңында қоғамдық жұмыстарға араласып, партияның мақсат-міндеттерін жүзеге асыруда белсенділік танытқандар облыс әкімінің Алғыс хатын иеленді.

М.СНАДИНҚЫЗЫ.

КӨЛІК КІЛТІ – МЕДИЦИНА МЕКЕМЕЛЕРІНЕ

Жедел және кезек күттірмейтін дәрігерлік көмек көрсету сапасын арттыру мақсатында медициналық мекеме ұжымдарына арнайы көлік кілттері табысталды. Тұңғыш Президент күніне орай өткен салтанатты шараға облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысты.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

– Елбасы Н.Назарбаев әрбір Жолдауында адам капиталды дамытуда халық денсаулығын нығайту маңызды екенін ерекше атап өтеді. Мәселен, биылғы Жолдауда Мемлекет басшысы Үкіметке 5 жыл ішінде денсаулық сақтау саласына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 процентіне жеткізуді тапсырды. Қазір өңірімізде саланы ілгерілету бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде. Соңғы 5 жылда республикалық және облыстық бюджет қаражаты есебінен апатты деп танылған медициналық нысандардың

64 процентін жаңадан салуға мүмкіндік тулды. Соның ішінде біз Арал, Қазалы, Шнелі аудандарынан аурухана салуға қол жеткіздік. Сондай-ақ, Жалағашта орталық аудандық аурухана құрылысын қаржыландыру мәселесі шешіліп, құрылыс ақпан айында басталады деп жоспарланды. Медицина саласына мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті тартып, 61 жобаны қарастырып отырмыз, бұл республика бойынша үздік көрсеткіш, – деді облыс әкімі.

Шара барысында жергілікті полиция қызметінің жол бойындағы 30 бригадасына

зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмек қорын жасау берілді. Сонымен қатар облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким жедел-жәрдем, полиция, төтенше жағдайлар, өрт сөндіру, газбен қамту, анықтама қызметі біріктірілген «Бірыңғай кезекші диспетчерлік 112» қызметі жобасын таныстырды.

Айта кету керек, өңірде «2018-2019 жылдарға арналған жазатайым оқиғалар, оның ішінде жол-көлік апаты кезіндегі медициналық көмек көрсетудің интеграциялық моделін енгізу бойынша» Жол картасы бекітілген. Оның аясында 2016 жылдан бері облыс тұрғындарына травматологиялық көмек көрсетудің 3 деңгейлі жүйесі ұйымдастырылыпты. Бұдан бөлек, жедел жәрдем қызметі облыс бойынша емделушілер туралы барлық деректер базасын басқаратын бірыңғай орталыққа шоғырландырылды.



Суреттерді түсірген: Б.ЕСЖАНОВ.

АРДАҚТАСАҢ, АНАЛАРДЫ АРДАҚТА!



«Ең Алдымен Анаңа, Анаңа, Анаңа, содан кейін әкеңе жаксылық жаса!». Екі дүниенің сардары Мұхаммед пайғамбардан (с.ғ.с) қалған парасатты сөз ғана емес, өмірлік ұстаным, ғұмырлық ғибраттың бірі осы. Салт-санасын ислам дінімен қабыстырып жіберген қазақ «Жұмақ анаңның табаныңның астыңда» дейді. Оған қоса үш рет Меккеге аңалып арқалап анаңсаң да, оның түн ұйқысын төрт бөліп, бесік таянып, білегі талып, белі майысып бағып-қаққаның, ақ сүтін беріп өсіргенін ақтай алмайтыныңды да қаперіне салады. Алты құрлықтағы асыл адам – АНА! Қасиетті дініміз де, қастерлі бабалар жолы да бізге осыны анық аңғартып, қолмен ұстағандай көрсетіп отыр.

Халқымыздың қаны мен тері сіңген байтақ далада ұлттың ұяты, ұрпаққа ұран, елге ес, дұшпанға сес болған талай абзал аналар өткен. Дөңгелеген дүниенің темірқазығы іспеттес Домалақ ананың дәріпті өмірінен дүйім жұрт хабардар. Адалдықтың айнасындай Қарашаш ханымының үлгісі көпке өнеге. Алаштың парасат-пайымымен аты қалған Айша бибінің жолын жамағат жақсы біледі. Көз қарықтырар сұлулығына ақылы сай болған Бегім сұлудың аңыз ғұмырына да әбден қанықып. Осылай тізбелесек, онда қазақ халқының тарихындағы Аналар бейнесі том-том болмақ. Ең бастысы, ғасырларға жалғасқан бұл жол үзілген емес. Өзінің алтын тінін үзіп алмай, біздің заманға дейін жетті. Ал ардақты аналардың бүгінгі жалғасы кімдер? Шүкір, олар көп. Осы Сырдың бойынан шыққан талай арлы Аналарды тартып айтсақ та болады. Еңбегімен елеңіп, ел өміріне елеулі үлес қосып, жүзге жакындағанында қара жерді көрпе қылып жамылған Шырынкүл Қазанбаеваның өміріндегі сәуле сәттер мен онегілі жолын еске алсақ ұрпаққа үлгі ретінде көрсетуге болады. Бұғанасы қатпай еңбекке араласып, белі бүгіліп, ерте көктемнен қара күзге дейін жерді еміп, терін төгіп, жанын аямай атқарған жұмысы ақыры бақыт пен баракатқа бөледі. Кеудесінде Социалистік Еңбек Ері жұлдызы жарқырап тұрды. Ғұмырының соңына дейін елдің ұйытқысына айналып, ырысы мен ынтымағының артуына, несібесінің молаюына тілекші болып, аналық ақ батасын беріп отырды. Қазанбаева салған соқпақпен жүрген, сол даңғылды жалғастырған Сәліма Жұмабекова бүгін арамызда жүр.

4-бет



«ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКА – ӨНІРДІН



Басқосуда дипломатиялық миссия өкілдері, мемлекеттік органдар мен қаржы институттарының басшылары сөз сөйледі. ҚР Инвестициялар және даму министрлігі Инвестиция комитетінің төрағасы Ерлан Хаиров Қызылорда облысындағы негізгі капиталға салынған инвестиция өсімінің оң трендтерін атап өтті.

– Аймақтағы өңдеу өнеркәсібінің көлемі 1,9 есе артты. Нәтижесінде саланың негізгі капиталына тартылған инвестициялардың өсу қарқыны жөнінен Сыр өңірі көшбасшылардың үштігіне енді, – деді ол.

«Халықаралық «жасыл» технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы» КЕАҚ басшысы Рәпіл Жошыбаев әлемнің көптеген мемлекеті үшін «жасыл» экономика халықтың әл-ауқатын арттырудың драйверіне айналғанын жеткізді.

– Қазақстан ТМД елдері арасында бірінші болып «жасыл» экономикаға өтудің тиімді алғышартын қалыптастырды. 2007 жылы Экологиялық кодекс, 2009 жылы «Жанартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заң,

1-бет.

2013 жылы мақсатты көрсеткіштер негізінде «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасы қабылданды, – деді Р.Жошыбаев.

Франция ұлттық ассамблеясының депутаты, «Франция-Қазақстан» достық тобының президенті Пьер Кабарэ, Франция Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Филипп Мартинэ, Корея Республикасының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Ким Дэ Сик және тағы басқа баяндамашылар тәжірибе бөлісіп, форумның жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын тілге тиек етті.

– «Total Eren» француз компаниясы қазақстандық серіктестермен бірлесіп Жалағашта күн электр станциясын дамытуға міндеттеме алды. Жұмыс алдағы аптада басталып, келесі жылдың қазан айына дейін жалғасады, – деді Ф.Мартинэ.

Келелі жиын қорытындысында облыс үшін маңызды жобаларға байланысты өзара ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды. Мысалы, түріктің бизнес өкілдері Шилеліде керамикалық тақта шығаратын зауыт салуға ынтылау. 2019-2021 жылдарға жоспарланған жоба 400 жаңа жұмыс орнын ашуға және отандық өнім түрлерін арттыруға мүмкіндік береді. Ал

болгариялық «HydroEnergy» АҚ – Қызылорда мен Жанақорғанда, француздың «Total Eren» компаниясы – Жалағашта, отандық «Samruk Kazyna – United Green» және ресейлік «Avelar Solar Technology» компаниялары Шилелі ауданында күн электр станцияларын салуға ниетті. Қытайлық кәсіпкерлер сыр-бойлық өріпестерімен экономикалық ынтымақтастықты, өзара сауда-саттықты дамыту, Қызылорда облысына инвестиция тартуға ықпал етуге уағдаласты.

Форум аясында «жасыл» экономиканың негізгі 7 бағытын қамтитын 4 секцияның жұмысы ұйымдастырылды. Атап айтқанда, жанартылатын энергия көздері бойынша жобаларды қолданасқа енгізу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы энергия тиімділігі, қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру, цифрландыру, агроөнеркәсіп кешеніндегі «жасыл» технологиялар мен су, жер ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру, «жасыл» экономиканы дамытуда мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін қолдану мәселелері талқыланды. Сондай-ақ B2B, B2G, G2G форматтындағы іскерлік кездесулер экономикалық ынтымақтастық орнату алаңына айналды.

ТУРИЗМ ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕГЕ ТАНЫТАДЫ



Түркі дүниесі тәу етер кешен – Қорқыт ата мемориалын тамашалау барысында біз Чехия Республикасынан келген кәсіпкермен тілдестік. Яков Ходорковский – «Development Velas» компаниясының өкілі екен. Қызылордаға алғаш келуі емес. Бұған дейін өңірдегі іскерлік кездесулерде болыпты. Алайда, ол киелі жерлерге саяхаттауға мүмкіндік тумағанын айтты.

Мәлім ҚАЛЫМБЕТ.

– Тарих тереңіне бойлау – әрбір азаматтың борышы. Осыған дейін мен Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенісіне бардым. Бүгін сіздердің өлкелеріңіздің өткенімен танысуға мүмкіндік туды. Сіздерге туристік әлеуетті дамытуға күш салу керек, мұндай маңызды нысанға әлі мыңдаған саяхатшының қызығушылығы ауады деген ойдамын. Ұйымдастырушыларға алғыс. Мұндай форум – туристік кластерді қалыптастырудан бөлек, жаңа жұмыс орындарын ашуға, жоғары технологиялық өндірістерді орналастыруға үлкен көмек. Орайы келгенде айта кетейін, жуырда біз Жанақорған ауданы, Шалқия кентінен қуаттылығы 50 МВт құрайтын күн сәулесінен энергия өндіретін станция құрылысын бастамақпыз. Оның аясында 100-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады, – деді Я.Ходорковский.

Мұнан кейін меймандар әлемдегі төңдессіз ғарыш айлағы – «Байқоңыр» кешенінде болды. Мұражайды аралап, атақты конструктор Сергей Королев, Юрий Гагарин бастаған ержүрек ғарышкерлер туралы қызықты мәліметтерге қанықты. Шара «Союз МС-11» көліктік басқа-

рылатын кемесі бар «Союз ФГ» зымыран-тасығышынның ұшуымен қорытындыланды. Халықаралық ғарыш станциясы кемесі бортның экипаж құрамында кеме командирі, ресейлік ғарышкер Олег Конаненко, канадалық Давид Сан-Жак және американдық ғарышкер Энн Макклейн бар. Бұл – 11 қазан күні «Союз МС-10» кемесі бар «Союз ФГ» зымыраны апатқа ұшырағаннан кейін жасалған алғашқы ұшырылым. Айта кетейік, зымырандық тартты тамашалауға келгендердің көбі дерлік шетелдіктер болды. Олардың қатарында «Франция – Қазақстан» парламенттік достығы тобының төрағасы, Франция ұлттық ассамблеясының депутаты Пьер Кабарэ бар.

– Қызылорда – ғарыш саласының символы іспетті. Мен өзім Францияның аэроғарыш саласы дамыған Тулуза қаласынанмын. Бұл жер – «Airbus» компаниясының отаны. Қазіргі таңда танымал компания әлемдегі жолаушы ұшақтарының жартысына жуығын шығарады. Инвест форумда сауда-экономикалық, оның ішінде дәл осы аэроғарыш өнеркәсібіндегі өзара тиімді әріптестік, сондай-ақ тікұшақтар құрастыру және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі ынтымақтастықты нығайтудың келешегі талқыланып жатты. Француз тарапы экотуризмді дамыту тәжірибесімен бөлісуге де дайын. Біз Қазақстанмен, оның ішінде сіздермен бірге әріптестігімізді одан әрі нығайтып, достық қарым-қатынасты дамытқымыз келеді, – деді П.Кабарэ.

Әрі қарай біз тарихи сәттің куәсі болдық. Зымыран орбитаға енемін дегенше, аспандағы көрініс баршаны тандандырды. Іштей «Орайын тауып, шетелдіктердің бұл қызығушылығын олжаға айналдырасақ, ұтылмаспыз анық» деген ойға қалдық.

Форум аясында жанартылатын энергия көздері бойынша жобаларды енгізу мәселелері, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығындағы энергия тиімділігі, қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру барысында өткен секция жұмысына облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов қатысты.

Шынар БЕКБАН.

ИНВЕСТОРЛАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ИГІ ҚАДАМЫ

«Жасыл» экономиканың бағыты көп. Қазақстан «жасыл» экономикаға өту жолын 2013 жылы бастады. Сол уақытта арнайы тұжырымдама қабылданып, негізгі жұмыс бағдары анықталды.

Секция жұмысына қатысқан мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департамент басшысы Абзал Мұхимов экономикалық идеялардың алға жылжуы үшін инвестиция қажеттігін атап өтті. Ал, сол инвестицияны елімізге алып келетін және еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосатын, әрине, инвесторлар. Сондықтан елімізде инвесторларды қолдау, олардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау бойынша шаралар қабылданып жатыр.

– Алайда, сырттан келетін инвесторлар кез келген мемлекетте, біздің елімізде инвестициялық жобаны жүзеге асыру барысында бірнеше тәуекелдерге, әкімшілік кедергілерге кездесуі ықтимал. Осыған сәйкес біз инвесторларды болуы мүмкін

түрлі тәуекелден жан-жақты қорғауымыз қажет. Агенттік қолайлы инвестициялық климатты нығайтуға бағытталған алдын алудың тиімді тетіктерін белсенді пайдалану міндетін анықтайтын инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі жоба әзірледі. Агенттік төрағасы мен Ұлттық бюрократиялық департаменті жергілікті атқарушы органдардың кәсіпкерлікті және инвестицияларды дамытуға жан-жақты көмек көрсетуге тапсырма берді, – деді А.Мұхимов.

Жөңгір хан атындағы Бағыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің инжиниринг және ресурстарды үнемдеу ғылыми-зерттеу институтының директоры Сәрсенбек Монтаевтың айтуынша, қазір «жасыл» экономика, «жасыл» технология және «жасыл» құрылыс, шикізаттарды үнемдеу, энергетика бағытында онға жуық ғылыми жоба бар. Университеттің инжиниринг және ресурстарды үнемдеу ғылыми-зерттеу институтында осы жобалар жүзеге асырылуда.

МЕМЛЕКЕТТІК–ЖЕКЕМЕНШІК ӘРІПТЕСТІК: КӨП КҮРМЕУДІҢ КІЛТІ

Форумда «жасыл» экономиканы дамытудағы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін қолданудың жаңа мүмкіндіктері талқыланған секциялық отырыс өтті. Оған облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Ысқақов, «Қазақстандық мемлекеттік – жекеменшік әріптестік орталығының» басқарма төрағасының орынбасары Талғат Матаев және шет елдерден келген өкілдер қатысты.

Мейрамқұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Шарада облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары Әлия Жақыпбаева сөз алып, өңірде МЖӨ негізінде жүзеге асырылып жатқан жобалар жайын баян етті. Бүгінде облыста экономиканың барлық салаларында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында 75 жоба жүзеге асырылуда. Оның ішінде денсаулық сақтау саласында – 30, денешынықтыру және спорт саласында – 12, тұрғын үй-коммуналдық саласында – 10, білім са-

ласында – 7, цифрландыру бойынша – 6, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында – 5, мәдениетте – 2, әлеуметтік қамсыздандыру, қоғамдық тәртіп және экология салаларында 1 жобадан бар. Бұл жобалар 34 млрд теңге қаржыны құраса, қазіргі күні 9,6 млрд теңге болатын МЖӨ негізінде 27 жобаға келісім-шарт жасалған. Атап айтсақ, 12 дәрігерлік амбулатория, 4 денешынықтыру-сауықтыру кешені, облыс орталығында 400 келушіге арналған емхана, Жалағаш ауданы Таң ауылдық округінде балабақша, Қазалы ауданы Өйтеке би кентінде инклюзивті балабақша, арнаулы әлеуметтік қызметтерді көрсететін шағын үй, облыс орталығындағы №101 мектептің бу қазандығын қайта жаңғырту, облыс мектептерін компьютерлендіру, облыстық медицина орталығы мен Қазалы аудандық ауруханасына ангиограф орнату, Шилелі ауданындағы индустриалдық аймаққа электр желісін тарту жобалары жүзеге аспак. Сондай-ақ, 9 жобаға жеке әріптестікті анықтау үшін байқау жұмыстары жүргізілуде. Оның ішінде Арал ауданындағы әлеуметтік нысандарды газдандыру бойынша 2 жоба, Ақсай полиция бөлімінің құрылысы, 3-і көшелерді күтіп ұстау, ағымдағы жөндеу жобасы, «Қызылорда су жүйесін» сенімді



– Солардың ішінде Сыр өңіріне жарамды жобалардың бірі – шыны қалдықтарын қайта өңдеп, жылу сақтағыш, отқа төзімді материал көбікті шыны (пеностекло) шығаруды жүзеге асыруды қолға алып отырмыз. Көбікті шынының пайдасына келетін болсақ, ол жанбайды, жылу сақтағыш қасиеті өте жоғары және ұзақ мерзімге шыдайды, экологиялық тиімділігі өз алдына белек әңгіме. Су сіңірмейді, аязға төзімді. Сонымен қатар, мұнай өндіретін өңірде мұнай қалдықтарын өңдеу мәселесі туындайды. Өйткені мұнай қалдықтары мұнайшыларға қажет емес, сондықтан полигондарға көміледі. Мұнай жинайтын сыйымдылықтардың түбінде де шөгінді қалады. Бірақ оны тазалау қиын. Онда «қара алтынды» суынан бөлектейді, түбінде қалатын ауыр фракциялар кәдеге асырылмайды. Ол да мұнай, бірақ құрамы қою, жану қасиетіне ие. Оны мұнайшылар «қалдық» деп атайды. Қалдық жанғанда

энергия бөледі. Бізде құрылыс материалдарын шығаратын өндіріс орындары энергияны көп пайдаланады. Мысалға, кірпіш зауыттары газды пайдаланады. Керамзит өндірісінде өнім шығаруға соляр май, көмір қосылады. Осы жобадан мұнай қалдығын керамзит, керамикалық кірпіш өндірісіне пайдалану жоспарланған, – деді ол.

Одан кейін «Қалдық мекемелерде энергия тиімділігін арттыру тәжірибесі: Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасының нәтижелері мен ұсыныстары» тақырыбында БҰҰ Даму бағдарламасының жобалар менеджері Александр Белый, «Қазақстан Республикасында күн энергетикасын дамытудың келешегі» тақырыбында «Авелар Соло Технолоджи» компаниясының бас директоры Игорь Шахрай баяндама жасады. Секциялық жұмыс соңында сұрақтар қойылып, ой-пікірлер ортаға салынды.

Менеджері Александр Белый, «LED SOLUTION» ЖШС басқарушы директоры Ербол Шаймаханов, «Сараптама және жобаларды өткізу орталығы» ЖШС директоры Ләззат Алдонғарова да сөз алып, әріптестік аясында атқарылатын жұмыстар туралы ойларын ортаға салды. Ал, қазақстандық мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тапсырыс берушілер қауымдастығының президенті Руслан Досмаханов Алматы қаласында тұрмыстық қалдықтарды басқарудың кешенді жүйесін енгізу туралы айтты.

Тұрмыстық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру үлкен маңызға ие. Облыста жылына 148 мың тонна тұрмыстық қатты қалдықтар шығарылса, оған сәйкес 145 полигон жұмыс істейді. Қалдықтардың тек 3,1%-і қайта өңделеді. Айта кету керек, бүгінгі күні өңірде МЖӨ шеңберінде жылына 60 мың тонна қуаттылықпен жұмыс жасайтын «Қызылордадағы қалдықтарды сұрыптау кешенін салу» жобасы іске асырылуда. Оған қоса келесі жылы 6 600 шам жарықдиодты шамдармен алмастырылатын болады. Ол кезде энергия 50% -ке дейін үнемделеді.

Жалпы секциялық жұмыста ұтымды ойлар айтылып, маңызды жобалар талқыланды.



ӨМІРШЕҢ ӨРІСІ

АГРАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ ЖАҢА ЖОБАЛАР



“Жасыл” экономика бағытындағы секция жұмысына облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов және “Халықаралық Аралды құтқару қоры” атқарушы дирекциясының директоры Болат Бекнияз қатысты.

Ғазиза ӘБІЛДА.

Форумға осы бағытта жұмыс жасайтын “Profit Master” ЖШС, “ГРАНТ Technology” ЖШС, “Хим-проектинжиниринг” ЖШС секілді отандық компаниялармен бірге Испаниядан “MSK Greenhouses”, Израильден “Development Vellass.r.o” компаниялары және басқа ғылыми ұйымдар қатысты. Келелі жиында баяндамашылар тарапынан әлемдік тәжірибедегі “жасыл” экономиканың бүгінгі беталысы жан-жақты қамтылып, болашағы

жайлы байыпты ұсыныстар ортаға салынды.

Біздің облыс үшін аграрлық сектордың одан әрі дамуы Арал-Сырдария бассейніндегі су деңгейіне тікелей байланысты. Соңғы жылдары Сырдария өзенінде судың азаюы, сумен жабдықтауға қатысты кейбір мәселелердің туындауы, сондай-ақ, азық-түлікке сұраныстың артуы ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайтудың жаңа тәсілдерін енгізуді талап етіп отыр.

Облыс аумағындағы шамамен 238 мың гектар егістік жер толығымен суармалы жүйеге бейімделген. Сондықтан біз үшін суды тиімді пайдаланудың маңызы зор. Бұл орайда биыл облыста “Оазистік суарудың көрсетілімі” жобасы іске асырылды. Жаңа бастаманы Жалағаш ауданындағы “Манақ Баба” шаруа қожалығы қолға алып, жазық далаға тамшылатып суару әдісімен алма бағын екті.

Аймақта суды үнемді пайдалану үшін егіс дақылдарын орта-рап-тандыру шаралары да қолға алынған. Яғни, мал азықтық және майлы дақылдардың көлемін арттыруға басымдық беріліп отыр. Мысалға, 5 жылда мақсары көлемі 1,3 мың гектардан 10 мың гектарға дейін артқан болса, одан әрі 20 мың гектарға дейін жеткізу жоспарлануда.

Облыста тамшылатып суару әдісімен 4 мың гектарға арналған қызанақ егу, жем-шөп дақылдарын өндіру және басқа бірнеше жоба жүзеге асырылуда. Жалпы алғанда, 51,3 мың гектар аумақта суды үнемдейтін суару әдістерін қолдану жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, өңірде мал шаруашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін алыс жайылымдарды дамыту бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Айталық, соңғы 4 жылда алыстағы жайылымдарда 313 ұңғыма салынып, 154 күн панелі сатып алынған.

Жиында “Profit Master” компаниясының өкілі А.Шпигуннің “Биокалдыктарды өңдеудің тиімді әдістері”, Чех Республикасындағы “Development Vellass.r.o” компаниясының бас менеджері Я.Хордовскийдің “Жылу энергетика саласының дамуы”, испаниялық “MSK” компаниясының өкілі Ф.Молинаның “Автоматтандырылған өндірістік жылыжайының құрылысы” жобалары қатысушылардың қызығушылығын тудырды. Сонымен бірге, жылыжай жобалары, органикалық өсімдіктер өсіру, оларды табиғи әдіспен зиянкестерден тазарту, ет, балық өнімдерін дайындаудың жаңа әдістері, табиғи газ және электр энергиясын өндіру бағытындағы бірқатар ұсыныстар бойынша жаңаша бизнес бастамаларды іске асыруға келісім жасалды.

АҚЫЛДЫ ТЕХНОЛОГИЯ: АЛҒАШҚЫ АДЫМДАР

Инвестициялық форум аясында «Цифрландыру. Smart city» тақырыбында секция жұмысы өтіп, «ақылды қаланы» қалыптастыру, дамыту мәселелері талқыланды. Жиынның модераторы Сергей Становкин негізгі салаларды цифрландыру аймақтың ғана емес, тұтас ел тұрғындарының өмірін жақсартатынын атап өтті.

Секцияда облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы мен «Smart city» тұжырымдамасы аясында облыста іске асырылып жатқан жобалар туралы баян етті.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Бүгінде аймақта білім беру, денсаулық сақтау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, көлік және қауіпсіздік, бизнес салаларында жалпы құны 4,4 млрд теңге болатын 40 жоба жүзеге асырылуда. Білім беру саласы бойынша 293 мектепте «Күнделік» электронды журналы іске қосылған. Ал, денсаулық сақтау саласында «Damus» мобильді қосымшасының пайдаланылуы медицина қызметкерлері мен пациенттердің уақыт үнемдеуіне, жылдам ақпарат алуына мүмкіндік береді. Саланы цифрландыру емделушінің электронды түрде дәрігерге алдын ала жазылып, электронды денсаулық құжатының жасалуын қамтамасыз етті.

Алдағы уақытта қауіпсіздік саласын цифрландыру аясында 5 жоба жүзеге асырылмақшы. 2020 жылдың соңына дейін 1400 бейнекамера орнатып, облыс орталығында жол қозғалысы ережелері бұзушылықтарын тіркейтін 31 жүйені іске қосу жоспарлануда. Сондай-ақ, пилоттық режимде 112 бірінғай диспетчерлік қызметі іске қосылып, ол жедел жәрдем, полиция, төтенше жағдайлар, өрт сөндіру, газбен қамту, анықтама қызметін біріктіреді.

Евгений Кимнің айтуынша,



өнеркәсіп саласын цифрландыру шеңберінде «Қазгермұнай» БҚ ЖШС мұнай өндіруді 1-2 процентке дейін ұлғайтуға, жондеуаралық кезеңді 700 күнге дейін ұзартуға, операциялық шығындарды 10 процентке дейін қысқартуға және басқарушылық шешімдердің тиімділігін 20 процентке дейін арттыруға мүмкіндік беретін «Ақылды кен орны» технологиясын енгізу бойынша жұмыстар басталды.

Жиында АҚШ-тан келген «4Kz Inc» турагенттігінің өкілі Корен Дикинсон туризм саласындағы цифрландыру жұмыстары туралы хабарлама жасады. Оның айтуынша, Қазақстанда туризм саласын дамыту мүмкіндігі мол. Ел мәдениеті, табиғи ландшафтары мен өзен, көлдері, ұлттық асханасы туристердің көптеп келуіне ықпал етеді. Алайда, аймақтарда турагенттіктер жұмысының жаңа технологиямен қамтамасыз етілуі жоғары деңгейде емес. Сондықтан жұмыс барысымен ғана сапарлайтын туристерден гөрі елге ішкі қызығушылығымен келетін шетелдіктер санын арттыру мақсатында аймақ туралы ақпаратты бірнеше тілде ұсынып, ақпараттық сайт жұмыстарын жандандыру қажет. Аймақтың тар-

тымдылығын арттыру үшін брендингке мән беру керектігін де баса айтты.

Ал «Цифрлық өндіріс» DF/PD департаментінің «Siemens» ЖШС директоры Роман Мухортов қаладағы және индустриядағы цифрландыру жұмыстары туралы сөз қозғалды. Қазіргі уақытта «Siemens» компаниясы әртүрлі салаларда цифрландыру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін құрал-жабдықтарға ие.

Жиында Тракия университетінің профессоры, PhD докторы Эмилия Димово «ақылды қала» жобасы бойынша Болгарияда жүзеге асырылған жұмыстармен таныстырды.

Жалпы «ақылды қала» болып саналатын София қаласында ел компаниялары шетелдік компаниялармен бірлесіп, сала бойынша үлкен деректерді қорғауды бірнеше аспектілерін және көлік пен жол қатынасына бағытталған бірнеше бағдарламаларды жүзеге асыруда. Профессор бұл қалада қоғамдық көлік билеттерін смартфондағы мобильді қосымшалар арқылы сатып алуға болатынын, автобустардың келуі туралы ақпарат алдын ала берілетінін, смартфонды жоқ тұрғындар QR коды бар қағаз билет алатынын да атап өтті.

Секция барысында мұнан өзге «Барс групп» ЖАҚ департаментінің директоры Ильгар Юсуфзаде құрылыс саласындағы цифрландыру, «Ақпараттық технологиялар орталығы «ДАМУ» ЖШС техникалық директоры Талғат Елеманов «Денсаулық сақтау саласында басқару жүйесінің цифрлық экожүйеге өту», «Астананың тұрақты даму орталығының» ЖШС жоба үйлестірушісі Виталий Пустойтенко «Smart city» интеграцияланған ақпараттық жүйе» тақырыбында хабарлама жасады.



ҮЛКЕН МҮМКІНДІК

Ким Дэ Сик, Корея Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі:

– Форум Қызылорданың инвестициялық әлеуеті мен «Жасыл» экономика саласындағы бастамаларын танытуда айналаны қызықтырды. Осы арқылы шетелдік инвесторларды аймаққа көптеп тартуға болады. Корея Республикасының Қазақстанмен қарым-қатынасы қарқынды түрде дамуда. Оның ішінде Қызылорда облысымен ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау саласы бойынша көптеген жоба-

ларды жүзеге асыруға болады.

Қызылордада екінші мәрте келуім. Корея халқы қызылордалықтарға риза. Себебі, Қазақстанда, оның ішінде Сыр өңірінде мыңдаған қандастарымыз тұрып жатыр. Қиын-қыстау кезеңде құшағын жайып, бір нанды бөліп жеген елдің жақсылығын ұмытпаймыз. Сондықтан Қызылорда халқына Корея Республикасы атынан алғысымызды білдіреміз.

КҮН СӘУЛЕСІ – ТАБИҒИ ТИІМДІЛІК

Сергей СТАНОВКИН, BBC World News өкілдігінің басшысы:



– Әрине, оныншы мерейтойлы инвестициялық форумнан жақсы жаңалықтар күтеміз. Бұған дейінгі өткен 9 форумда әріптестік байланыс орнап, бүгінде олар жұмыс жасауда. Биылғы жылғы форум тақырыбы – «Жасыл» экономика – аймақ дамуының жаңа бағыты» деп аталады.

Бұл тақырып кездейсоқ таңдалған жоқ, өткен жылы «ЭКСПО-2017» көрмесінен кейін баламалы энергия көздерін пайдалануға үлкен қаламдар жасалды. Форумда баламалы қуат көзін пайдалану, ауыл шаруашылығында, су ресурс-

тарында, қоқыстарды өңдеу бойынша және басқа салаларда жаңа технологияларды пайдалану, «Жасыл кластер» құруда аймақтың әлеуетін пайдалану жан-жақты талқыланды.

Тағы бір атап айтарлығы, Қазақстанда күн сәулесі молынан түсетін аймақтың бірі – Қызылорда. Бәсекеге қабілетті болуда тек күннің ғана емес, адамдардың да энергиясының ықпалы зор. Бұл орайда отандық инвесторлармен қатар жакын орналасқан мемлекеттер – Ресей мен Қытай инвесторлары Қызылорда облысының мүмкіндіктерін жоғары бағалайды.



АЙМАҚ ӘЛЕУЕТІ ЖОҒАРЫ

Имтияз АХМАД КАЗИ Пәкістан Ислам Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі:

– Бүгінгі форумнан үлкен әсер алдым. Форумға қатысқан 14 мемлекет өздерінің мүмкіндігін көрсетіп және маңызды келісімдерге қол қойылды. Қызылорда облысының инвестиция тартуда және жаңа тех-

нологияларды пайдалануда әлеуеті жоғары екеніне көзіміз жетті.

Пәкістан мемлекеті баламалы қуат көздерін, күн энергиясын пайдалану бойынша аймақпен бірлесіп жұмыс жасайтын болады.

БІРЛЕСКЕН ЖОБА БАСТАЙМЫЗ

Филипп МАРТИНЭ, Францияның Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі:



– Франция 2030 жылға дейін жалпы тұтынатын энергияның 32 пайызын балама қуат көздерінен алуды басты ұстаным еткен. Нәтижесінде елдегі шағын және орта кәсіп, ірі компаниялар барлық салаларда баламалы қуат көздерін пайдалану бойынша жобалар жүзеге асыра бастады. Бүгін бұл мақсаттағы жобамыздың Қазақ-

станды және Қызылорда облысын дамытуға пайдалану мүмкіндігі туғанын мақтаншып етеміз.

«Тоталь» француз компаниясы қазақстандық әріптестерімен бірге Жалағаш ауданында күн электр станциясын салуды міндетіне алды. Бұл жұмыс жақын күндері басталады және келер жылдың қазан айына дейін жалғасады.



РИЗАШЫЛЫҚ БІЛДІРЕМІЗ

Рапиль ЖОШЫБАЕВ, «Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар» орталығының басшысы:

– Бүгін көптеген елдер үшін «жасыл» экономика ел экономикасының өсуіне және азаматтардың әлауқатын арттырудың драйверіне айналды. Біз бұл форумның Сыр өңірінде жоғары деңгейде ұйымдастырылғанына ризашылығымызды білдіреміз.

Мемлекет басшысы жаңа технологияларды қолдану мен экология мәселесіне бірінші кезекте назар аударып келеді. ТМД елдері ішінде Қазақстан «жасыл» экономикаға бірінші болып қадам жасады.

2007 жылы «Экология» кодексі, 2009 жылы «Жаңартылған энергия көздерін пайдалануды қолдау» заңын, 2013 жылы «Мақсатты индикатормен «жасыл» экономикаға өту» тұжырымдамасын қабылдады.

Біздің мақсатымыз – Қазақстанның «Жасыл» экономикаға ауысуын барынша жылдамдатуға ықпал ету. Орталықтың негізгі қызметі экологиялық мәселелерді жасыл технологияларды дамыту арқылы шешуді Қазақстанда, болашақта Орталық Азия елдерінде жүзеге асыру.

ҰЛЫ DALANYŇ JETI QYRY

Кеше облыстық «Рухани жаңғыру» орталығында Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласынан туындайтын міндеттерді жүзеге асыруға арналған дөңгелек үстел болып өтті.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ.

ҰЛЫ DALANYŇ MҰRASЫ ҰРПАҚҚА МИРАС

Зиялы қауым өкілдері, ғалымдар, мәдениет, білім қызметкерлері қатысқан басқосуды облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов ашып, қоғамдық ойды қайта құруды қозғап, рухани мұраларымызды ұрпаққа аманаттаудың жолдарын көрсеткен Елбасының бағдарламалық мақаласының мән-мағынасына тоқталды.

Міне, дәл осы рухани жаңғыру аясында облыс әкімінің қолдауымен айтарлықтай жұмыстардың атқарылып келе жатқанын, соның бір көрінісі биыл ашылған «Рухани жаңғыру» орталығы екенін айтып өтті. Сонымен бірге зиялы қауымды аймақ басшысы атынан 27 қараша күні Маврикии республикасында өткен ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраларды қорғау жөніндегі комитетінің үкіметаралық отырысында Қорқыт мұраларының ЮНЕСКО тізіміне алынуымен құттықтады. Бұл әлемдік ұйымның тізіміне дүние жүзінен 300-ден аса жәдігерлік енгізілсе, соның 8-і қазақстандық мәдени мұра болып тіркелген. Сондай-ақ, Р.Рүстемов 27 елдің өкілдері қатысқан әлемдік отырыстағы Қорқыт мұраларының таныстырылымына қатысып қайтқан мәдениет қызметкері Ж.Құрамысова мен қобызшы М.Мұхамеджанға алғыс білдірді.

Мұнан соң «Рухани жаңғыру» орталығының директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Н.Мыңжас сөз алды. Ол өз сөзінде орталық тарапынан 11 айда 117 шара өткізілгенін, бірақ атқарылған жұмыстың шара санымен бітпейтінін, рухани жаңғыру аясының кең мағыналы екенін жеткізді. Орталық алдында тұрғындарды толандыратын мәселелерді көтере біліп, әлеуметтік мәселелерді талқылау, жас ұрпақ бойындағы ұлттық сезімге серпін беру секілді міндеттер тұрғандықтарын атады.

Келесі сөзді алған КМУ-дың археология және этнография ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты Ә.Тәжескеев «Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласын тәуелсіздік жылдары жүргізілген экологиялық жұмыстардың әршын алып негізделген деп айтуға болады» – делі. Сыр елінде 50-ден астам ортағасырлық қалалардың орны бар екенін, кенестік кезеңде олардың Ресей тарапынан зерттеліп, бір ғана қола дәуірі көсемдері жерленген Түгіскен қорымынан 250 бүтін қыш құмыраның Мәскеуге әкелінгенін тілге тиек етті. Сондықтан Елбасымыз өз мақаласында бізге рухани мұраларымызды аршып алып сақтауды ғана емес, оны ұрпақтың рухани құндылығына айналдырып, арғы тегімізді тануды тұжырымдап берді.

Ғалым осындай ойларын ортаға тастады. Дөңгелек үстелде сөйлеген «Рухани жаңғыру» орталығының бөлім меңгерушісі, этнограф ғалым С.Қосанов «Қызылордадан барлық жәдігерлікті бір орталыққа топтастыратын үлкен музей салынса деген пікірін білдірсе, филология ғылымдарының докторы Б.Қарбозов Қызылорда мемлекеттік университетінің Сыр бойы фольклорлық антологиясын жинақтап шығаруға әлеуетті екенін айтты. Ғалым сонымен бірге ауыз әдебиеті үлгілерін 100 томдық қылып шығарып отырған дүние жүзіндегі жалғыз ел қазақ елі екенін айта келіп, халқымыздың шығармашылық қабілетінің орасан мүмкіндігін ұрпақ тәрбиесіне пайдалану ісіне атсалысуға ғалымдар қашан да дайын деп ой түйді.

Сөз алған ақын Ш.Өбдікәрімов «Ұлы даланың жеті қыры» біздің құндылығымыз ғана емес, қорғанымыз боларлық дүниелеріміз екенін поэзия тіліне салып, тебірене жеткізді. «Өйткені Ұлы даланың жеті қыры – Ұлы даланы сақтаудың өлшемі» – делі ақын.

Дөңгелек үстелде профессор Қ.Құдайбергенов, жырау Ж.Аққұлов өз пікірлерін білдірді. Олар Ұлы дала есімдері мен құндылықтарын бейнелейтін көріністерді 817 шақырым облыс аумағын басып өтетін «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автоданығы бойына орналастыру, ЖОО-ға археология, тарихшы мамандықтары бойынша көбірек грант бөлу, зерттелмей жатқан сүйелер мұрасын жыраулар даусымен жаздырып бейнежазбалар жасату секілді мәселелерді ұсынды.

Дөңгелек үстел қорытындысында облыс әкімінің орынбасары Р.Рүстемов қозғалған мәселелер хакында, оның ішінде Сырдарияның сол жағалауынан рухани мұралар музейін салу, «Қорқыт» журналын шығару, фольклорлық антологияны жинақтап бастыру, жас ғалымдар мектебін құру, басқа да мәселелерді есепке алу қажеттігін айтты.

Үш жұмыс күні ішінде Қорқыт ата атындағы КМУ, «Рухани жаңғыру» орталығы, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы біріге отырып, облыс әкіміне ұсыну үшін іс-шара жоспарын түзуді тапсырды.



«Евразия» спорт кешенінде Тұңғыш Президент күніне арналған мерекелік шара өтті. Оған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қатысып, олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектептері басшыларына 6 «Газель» шағын автобусы мен 2 жеңіл автокөлік кілтін табыс етті.

СПОРТ МЕКТЕПТЕРІНЕ АВТОКӨЛІК БЕРІЛДІ

Сара АДАЙБАЕВА.

Ел намысын көтерер спорт – Елбасының ұдайы қолдауындағы сала. Мемлекет басшысының спортқа деген қамқорлығының шынайы белгісі «Қазақстан – 2050» стратегиясында, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және күні кеше жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында да көрініс тапты. Бұл қолдауға қанаттанған спортшыларымыз жақсы нәтижелерге қол жеткізіп, әлемдік додаларында жеңіс тұғырынан көрінуде. Биыл облыс спортшылары Қазақстан чемпионаттарында 1336 медаль жеңіп алса, Азия, Әлем чемпионаттарында 115 медальға қол жеткізді, – деді аймақ басшысы.

Биыл XVIII жазғы Азияда олимпиадасында Мерей Медетов байдарка мен каноэде есуден қола жүлде иемденсе, Диас Бахрадин III Жасөспірімдер олимпиадасында әлем чемпионы атанды. Мақтаншымызға айналған Әсел Серікбай шахматтан әлем чемпионы атанса, Айдоос Сұлтанғали грек-рим күресінен әлем чемпионатында қола жүлде алып, ел мерейін үстем етті. «Қайсар» футбол

клубы Қазақстан Чемпионатының премьер-лигасында 5-орынға ие болды. Жақында Олжас Оразалыұлы параджолодан республика бойынша тұңғыш әлем чемпионы атанды.

Өңірде спортты дамыту саласында қарқынды істер атқарылууда. Жыл сайын спорт кешендері салынып, ел игілігіне берілуде. Жалпы, облыста олимпиадалық резервті дайындау орталығы, спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернат-колледжі, жоғары спорт шеберлігі мектебі және 21 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі бар. Онда 35 спорт түрімен 18 мыңнан астам оқушы айналысады. Сонымен бірге 1 Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, 4 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 40 спорт шебері, спорт шеберлігіне кандидат пен I спорттық разрядты 878 спортшы бар. ҚР Ұлттық құрамасына 470 спортшы енген.

Облыста соңғы екі жылда 16 спорт ғимараты іске қосылды. Оның 9-ы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында және 7-і облыстық бюджет есебінен салынған.



АРДАҚТАСАҢ, АНАЛАРДЫ АРДАҚТА!

Кайбір күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мынадай сөз айтты: «Елбасы «Сыр – Алаштың анасы» дейді. Ал сіз осы елдің анасысыз!». Тура айтылған, дәл суреттелген сөз. Өйткені Сәлима апай еңбегімен ғана еленіп, Еңбек Ері болып қана қойған жоқ, сонымен қатар, он бір бала тауып, өсіріп-өндірген Батыр Ана да атанды. Еңбекпен бір, өңбекпен екі батыр атанған ананың өмірі ғибратқа толы. Осы арада бір мысал айтып кеткіміз келеді. Сәлима Жұмабекова 7-сыныптан бастап еңбекке араласқан. 1964 жылы данғайыр дикан Ыбырай Жақаев облыс жастарына үндеу тастайды. Солайша, аймақ жастарын күріш егуге шақырады. Шаруашылықта құрылысшы болып жұмыс істеп жүрген Сәлима апа өзіннің үйренген кәсібін тастап, сушы болып орналасады. Күріш егудің қыр-сырын меңгереді. Сыр маржанын баптаудың жолдарын үйренеді. Сөйтіп жүргенде ауылдастары оның ұйымдастырушылық, іскерлік қабілеттерін бағалап, Дауылкөл ауылдық кеңесінің төрағасы етіп сайлайды. Бұл жұмысты да абыроймен атқарады. Дегенмен, кенесінің жұмысы, қағазбастылық, ауданмен екі ортада шапқылап жүру көңіліне аса қолай бола қоймайды-ау. Бес жыл дегенде өз еркімен арызын жазып, жұмыстан шығып, егістіктің басына қайта оралады. Қазір ғой, тақымына кресло тиген адам одан айырылмаудың барлық қамын, әрекетін істейді. Өкесінен қалған мұрадай қарап, меншіктеп алуға бар. Қызметті өмірінің мәні деп қабылдап, тізгіні қолынан суысп түскен күні өмірден бас кешіп кетердей болады. Ал Сәлима апа қызметке қызықпаған, атак-даңқ қумаған, дан-ғазға ілеспеген, көкірегінде түйір де арамдығы жоқ таза еңбекпен өскен алап адам. Алаға Апа да әрқашан жақсылығын аямай берген ғой. Еңбекке қайта оралғаннан кейін Жер-Ананың жағдайын тынымсыз жасай берді. Екі жылдан соң «Ленин» орденімен марапатталды. Арада біршама уақыт өткеннен кейін Социалистік Еңбек Ері атағын да алды. КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды. «Депутат болғанымда Нұрсұлтанжанмен қатар отырғанмын», – дейді апа ылғи. Тәуелсіздік алардан бірнеше

жыл бұрын Нұрсұлтан Назарбаев Қызылорда облысына сапарлатып келеді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы кезі. «Көп ішінде тұрғанбыз ғой. Бір әйел «Сен Назарбаевты танымын»

Қос ғасыр ат алмастырып жатқанда Сәлима Жұмабекова Елбасының қабылдауында болды. Қабылдаудың өзіндік тәртібімен талабы бар. Барлығы алдын ала хатталып, қағазға түсіріліп қояды ғой. Нұрсұлтан Назарбаев ел-



дейтін ең. Алдынан шықпайсың ба?» деп ортаға қарай итеріп жіберсін. Сол сәтте Нұрсұлтаным мені көріп, тура маған қарай жүрді. Екеуіміз құшақтасып амандастық. Сосын біз тіккен үйге қарай келдік», – дейді Сәлима апай. Қызық осы жерде басталады. Бірінші хатшыға тіккен үй бөлек. Ал мына үйде дайындық жоқ. Сәлима апай ең болмаса су ішіп шығар деп ойлайды. Сөйтсе, айран дайын тұр екен. Киіз үйдің ішінде айран ішіп, арқа-жарқа әңгіме айтып тұрғанында бір кісі байқамай айран толы ылысты төңкеріп алды. Ол Нұрсұлтан Назарбаевтың аяғына құйылады. Осы сәтте облыстың сол кездегі басшысы Сейітбек Шаухаманов «Құрттың ғой, Жұмабекова» депті. «Құртқан ештенесі жоқ. Ағарған деген жақсы. Құдай қаласа, Нұрсұлтаным ақ киізге оранып, хан болайын деп тұр» делім де, Назарбаевтың аяғын сүрте басталым. Айтқандай-ақ, арала аз ғана уақыт өткенде Қазақстан Тәуелсіздігін алып, Нұрсұлтан Назарбаев Президент болды ғой. Менің айтқаным «Сыр Ана» монументінің артынан ел

генде Сәлима апа алдынан шығып, қолын алып, бетінен сүйеді. «Сол жерде біреулер «Президенттің бетінен сүйеу болмайды» дейді. Протокол-мротокөл дегеніне қарағам жоқ. Нұрсұлтанымның бетінен сүйдім. Ол да бар ықыласымен амандасып, жағдайымды сұрады» деп естелігімен бөліседі Батыр Ана.

Мұның бәрін неге термелеп отырмыз? Бір игілікті, ізгілікті, тәрбиелік һәм тағылымдық мәні бар істің жайын баян етсек дейміз. Сәлима Жұмабекова Қызылорда қаласында, көп қабатты үйде тұратын. Сексеннің сенгіріне шыққан батыр анаға мұның қаншалықты қолайсыз болғаны айтпаса да түсінікті шығар. Осы жағдайдан хабардар болған аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев елдегі кәсіпкер жігіттерге анамызға жана баспананың жағдайын жасап беру жайында ойласады. Азаматтар мұндай іске қушына кірісетіндерін, еңбегімен елін бақытқа сүйірген Батыр Ананың қандай да құрметке лайық екенін айтып, шаруаға кірісіп кетеді. Сөйтеді де қалаға әуесжай жақтан кіреберістері «Сыр Ана» монументінің артынан ел

анасына үй салып береді. Кайбір күні Сәлима Жұмабекованың шаңырағына Қырымбек Елеуұлы бастаған ел азаматтары мен осы істің басы-қасында болған құрылысшылар арнайы барып, құтты болсын айтып шықты. Батыр Ананың көңілі шат-шадыман. «Осы жасыма дейін ешкімнен ештеңе сұраған емеспін. Бірақ менің жағдайыма қарап, мынадай үй соғып берген елдің азаматтарына айтар алғысым шексіз. Тұңғыш Президент күні қарсаңында осындай қуанышқа бөленіп жатырмыз. Бұл ел бірлігінің, ынтымағының арқасында болған игілікті іс қой» деп ағынан жарылып, батасын берді.

Жақсының жақсылығын айту – парыз. Қазақ мұндайда нұры тасысын дейді. Сәлима Жұмабековаға жана баспана салып беруге елдегі құрылысшылардың дені аталысты. Атап айтқанда, Әділмәжит Жансақалов, Қайрат Ернараров, Бақдаулет Ысқаков, Әділхан Маштаев, Мұса Әбдіқалықов, Досхан Жүнісов, Серік Садықов, Шалқарбек Жанабегенов, Расул Ысқаковтар қолынан келген көмекті аяп қалған жоқ. Мейірім деген ұғымды музейге қоятындай дәрежеге жеткен заманда, қайырымдылықтың өзі есеппен жасалатын кезеңде жігіттердің азаматтық танытып, қолынан келгенше Батыр Анаға қамқорлық көрсеткеніне Алла разы болсын айтамыз! Елдіктің бейнесіндей, ерлердің тұрпатын танытатындай, азаматтықты айқындайтын жақсы іс болды. Айтпақшы, үйдің ішін дүниемен жасақтауға да атсалысқан азаматтар бар. Олар: облыстық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, «Абзал және К» серіктестігінің директоры Абзал Ералиев, «ЖанАрайЖем» ЖШС басшысы Бақдаулет Мақашовтар Сәлима апаны ұзатылған қыздай етіп барлық жабығын түгендеп берді. Қысқасы, толыққанды жасалған жұмыс десек, артық айтқандық емес.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Біз «Жаңында жүр жақсы адам» деген сөздің байыбына бара бермейміз». Шын мәнінде, Тәуелсіздік дәуірінде өзінің еңбегімен, білімімен, өнерімен озып шыққан қаншама замандастарымыз бар. Олардың жүріп өткен жолдары – кез келген статистикадан артық көрсеткіш», – дейді. Міне, Сәлима Жұмабекованың өмір жолы қандай да болмасын статистикадан артық, оны он орап алатын көрсеткіш. Соның құнын түсініп, қадірлі бір, қамқорлық қылған азаматтардың әрекеті болашақ ұрпаққа үлгі, аманат. Ұрпақтар сабақтастығы деген осы емес пе?..

Ержан БАЙТІЛЕС.

Жарнама 70-00-49, 70-00-52 E-mail: smjarnama@mail.ru

АНАЛЫҚ АЛҒЫСЫМДЫ БІЛДІРЕМІН

Мен қаладағы Құдабаев көшесі №36 үйде тұрамын. Өзім тыл ардагері, жалғызбасты анамын. Жаз айында шамам келгенше үйімнің іші-сыртын сылап, электр желілерін қайта жүргізгім келді. Осы тұста үйіме күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге құрылысшылар жіберіп, көмек қолын созған "Нұр Отан" партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаевқа, "ҚЭТТҚ" ААҚ басшысы Мұхит Кәрімбаевқа және құрылысшыларға аналық алғысымды білдіремін. Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбекте табысты болып, Алланың нұры жаусын дегім келеді.

Сәлима Нұрымбетова.
Қызылорда қаласы.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗЕДІ

ҚР Экологиялық кодексінің 57-2 бабының 3-тармағына сәйкес, «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ-ның Шалқия кеніші нысанының жылу жүйелері, яғни блоктық модульдік газбен жұмыс жасайтын қазандық құрылысы» жобасының «Қоршаған ортаға әсерін бағалау» (ҚОӘБ) бөлімін талқылау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетіні туралы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге, аталған нысан бойынша мәліметтер алуға және өздерінің ой-пікірлерін білдіруге мүмкіндік беріледі.

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты және ұсыныстар мен пікірлерді қабылдайтын Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының маманы Қайнар Данияр Кипшақбаев (тел.: 8(7242) 605369, e-mail: D.Kainarov@korda.gov.kz) болып табылады.

Мемлекеттік экологиялық сараптама құрылыс жобаларының ведомстводан тыс кешенді сараптамасы құрамында өткізілу көзделуде («Мемсараптама» РМҚ).

Тапсырыс беруші «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ.

Материалдардың электронды түрде орналасқан Интернет-ресурс мекен-жайы: www.tabigat-e-kyzylorda.gov.kz ҚОӘБ жобасының электронды нұсқасымен www.zinc.kz сайтынан, қағаз нұсқасымен Шалқия кенті әкімшілігінде орналасқан «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ-ның қоғамдық қабылдау бөлмесінде танысуға болады, келесі мекенжай бойынша: Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Шалқия кенті, ауылдық әкімдік.

Барлық қызықтыратын сұрақтар бойынша 87243579107(ішкі 7082) телефон нөміріне немесе a.toltayeva@zinc.kz электронды мекен-жайы арқылы хабарласуға болады. Жобаны жасаушы «Қазақстанның Сантехпроект» ЖШС, Алматы қ., Жандосов к-сі, 2. Байланыс тел.: 8(727)3232312, e-mail: kazstp@kazstp.kz

Қоғамдық тыңдаулардың өткізілу күні – 2019 жылдың 10 қаңтары.

Өткізілу уақыты – сағат 11-00.

Өткізілу орны – Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Шалқия кенті, №86 орта мектептің мәжіліс залы.

ЖӘРМӨҢКЕ

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы облыс әкімі бекіткен кестеге сәйкес ағымдағы жылғы 8 желтоқсан күні Жалағаш ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізілетіндігін хабарлайды. Жәрмеңке өткізу уақыты 09-00-ден 13-00-ге дейін.

Өтетін орны: Қызылорда қаласы Ә.Қашаубаев көшесі, (Жетікөл көшесімен қиылысы).



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақ Баян» және «Құралай» тұрғын үй кешенінен «Асар Холдинг ЛТД» ЖШС ЦеснаБанк арқылы төменде көрсетілген 3 бағдарлама бойынша пәтер сатып алуға болатынын хабарлайды.



Барлық сұрақтар бойынша байланыс тел.: 8 701 566 07 44.

(4-1)

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43

Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41 экономика – 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат – 70-00-73 жарнама – 70-00-49, 70-00-52 есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38, компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарыпмайды. Жариялымыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28687
Тапсырыс №1949

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

Кезекші редактор Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.